

<sup>1</sup>Махмутова К.И.,\* <sup>2</sup>Джанпейсова Г.Ә.

<sup>1</sup>педагогика ғ.к. М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>педагогика ғ.к, доцент, Герцен атындағы РМПУ филиалы. Ташкент, Өзбекстан

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ШАРТТАРЫ

Автор-корреспондент: gulsara\_isahan@mail.ru

**Түйін:** Мақалада болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мәселелері қарастырылады. Құзыреттілік ұғымы, құзіреттілік, осы ұғымдардың мәні мен құрылымы мен мазмұны ашылады, мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің құрылымын зерттеу мәселесін қарастыратын ғылыми-педагогикалық дереккөздерге талдау жасалады. ХХІ ғасыр маманының моделіне жалпы тұжырымдамалық тәсілдер тиімді кәсіби іске асыру үшін талап етілетін құзыреттерді талдау арқылы қарастырылады. Әлеуметтік-психологиялық, психологиялық-педагогикалық, пәндік, коммуникативтік құзыреттіліктер жиынтығы ретінде кәсіби педагогикалық құзыреттілікке ерекше көңіл бөлінеді. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық шарттары және оның қалыптасу деңгейлері қарастырылады. Мақалада қазіргі мұғалімге ұсынылатын педагогикалық құзыреттіліктің негізгі компоненттері қарастырылады. Қарастырылып отырған мәселе бойынша әртүрлі көзқарастар мен авторлық ұстанымдардың теориялық талдауы және негізгі ұғымдардың мазмұны ұсынылған: құзыреттілік, құзыреттілік.

**Кілт сөздер:** құзыреттілік, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік құрылымы, базалық құзыреттер, арнайы құзыреттер, Кәсіби құзыреттілік компоненттері.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда білім беру парадигмаларының білім, білік, дағдыдан құзыреттілікті қалыптастыруға қарай алмасуы жоғары оқу орындарында педагог - мамандарды дайындауда кәсіби тұрғыдан жетілген, кәсіби қызметпен ғылыми-ізденушілік қызметті бірге алып жүретін құзыретті мамандар дайындауды қажет етеді.

**Теориялық талдау.** Құзыреттілік мәселесі жайлы айтқанда, ең алдымен бұл ұғымның мән - мазмұнын ашып алу қажет. Маман дайындауда психологиялық - педагогикалық әдебиеттерде құзырет және құзыреттілік ұғымдары қатар кездеседі.

С.И.Ожеговтың сөздігінде «құзырет» сөзіне төмендегідей түсініктеме беріледі: 1.Біреудің жақсы білетін сұрақтар шеңберінің аясы. 2.Біреудің өкілеттігі, құқықтарының шеңбері [1,8].

Д.Н.Ушаковтың сөздігінде құзыреттілікті адамның беделі, білімі, тәжірибесі жететін сұрақтар, құбылыстар шеңбері, біреудің қарауына жататын мәселелер, билік шеңбері, құқық саласы ретінде түсіндіреді[2,284].

А.И.Турчинов құзыреттілік дегенде, тұлғаның құзыреті шегіндегі кәсіби тәжірибесінің көріну дәрежесін пайымдайды [3,268].

А.В.Хуторской: «құзырет белгілі бір объектілер мен процестер шеңберіне қатысты сапалы өндірістік қызмет үшін қажетті өзара байланысты жеке қасиеттердің жиынтығы (білім, білік, дағдылар, қызмет әдістері); құзыреттілік-адамның оған және қызмет нысанына жеке қатынасын қамтитын тиісті құзыреттіліктерге ие болуы»[4,86].

Демек, құзыреттілік дегеніміз-белгілі бір білімге, сипаттамаларға ие болу болса, құзыретке ие болу дегеніміз-кез-келген салада белгілі бір мүмкіндіктерге ие болу.

Демек, осы аталған түсініктемелерге негізделсек, құзырет пен білік (умение) бір ұғым емес екендігін байқауға болады. Білік - бұл белгілі бір нақты жағдайдағы әрекет. Бұл нақты жағдайды ескере отырып жасалатын жалпы дайындықты көрсететін құзыреттіліктердің немесе қабілеттіліктердің көрінісі.

А.В. Хуторской мұғалімнің кәсіби дайындығына қойылатын нормативтік талаптарды құзырет деп, оның қалыптасқан қасиеттерін құзыреттілік түрінде түсіндіреді[4,88].

Кәсіпке қатысты құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері орыс педагог ғалымдары: В.А.Сластенин, Е.Н.Шиянов, И.Б.Котова, Н.В.Кузьмина, А.И.Мищенко, А.К.Маркова,

В.А.Адольф, К.Ангеловский, И.Ф.Исаева, А.В.Хуторский, С.И.Константинова т.б еңбектерінде толығырақ қарастырылған.

Құзыреттілік (лат. *competentio, competo* сәйкес келемін, тура келемін) - бұл белгілі бір арнайы кәсіби міндеттерді шеше алудағы маманның жеке қабілеті[5,117].

Құзыреттілікке қатысты мәселелерді талдау ғалымдардың оған түрлі қырынан анықтама бергендігін байқатады.

В.А.Адольф құзыреттілікті оқу-тәрбие процесін вариатив құрастыруды қамтамасын ететін күрделі білім ретінде сипаттайды[6, 47].

И.Д.Лаптева құзыреттілікті түр-түрге бөліп, негізгі құзыреттілікті тұлғаның өзгермелі заманауи қоғамда өзін тиімді жүзеге асыра алуымен байланыстырады, белгілі бір пәндердің немесе пән саласының ерекшеліктерін меңгеруді базалық құзыреттіліктерге жатқызады[7,89].

В.А.Сластенин, И.Ф.Исаева т.б құзыреттілік құрылымы педагогикалық іскерліктерден құралатындығын айта келіп, педагогтың кәсіби құзыреттілігі оның теориялық, практикалық дайындығын білдіреді дейді[8,98].

В.А.Адольф, И.Ю.Степанова кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуын кәсіби іскерліктерді меңгеру дәрежесінен де көруге болатындығын ескертеді [9,55].

Педагогикалық құзыреттілік педагогтың тұлғалық дамуы мен жетілуіне септігін тигізетін педагогтың білім, тәжірибе, сапаларын білдіретін жүйелі құбылыс.

Кәсіби құзыреттілік жүйесіндегі негізгі мәселе - педагог тұлғасының мотивациясы (тұлғаның бағытталғандығы, оның түрлері), ерекшеліктері (педагогикалық қабілеттері, мінез-құлық түрлері, психологиялық көріністері), тұлғаның интегралдық сипаттамалары (педагогикалық өзін-өзі тануы, жеке стилі, креативтілігі - шығармашылық потенциал ретінде).

Кәсіби құзыретті болу үшін психологиялық-педагогикалық және арнайы (пән бойынша) білімдер қажет бірақ, ол кәсіби тұрғыдан құзыретті болу үшін жеткілікті емес. Мысалы, теориялық - практикалық және әдістемелік білімдер интеллектуалдық және практикалық іскерлік пен дағдылардың алғы шарттары болып табылады.

Педагогикалық іскерлік – теориялық білімдерге негізделген және жан-жақты үйлесімді тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге бағытталған рет-ретімен жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің жиынтығы. Педагогикалық іскерліктерді осылай түсіну болашақ мамандардың практикалық дайындығын қалыптастыруда теориялық білімдердің жетекші роль атқаратындығын көрсетеді.

Ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесі ғалымдардың құзыреттілік ұғымы аясында бірде «кәсіби құзыреттілік», бірде «педагогикалық құзыреттілік» ұғымдарын пайдаланатындығын да көрсетеді, кейде осы екі терминді біріктіріп «кәсіби-педагогикалық құзыреттілік» деп те қолданады.

Жоғарыда айтылған пікірлер негізінде құзыреттілік ұғымына төмендегідей анықтама беруге болады: Құзыреттілік – арнайы әлеуметтік- кәсіби саладағы маманның өз кәсіби аясындағы міндеттер мен мәселелерді шеше алудағы білім, іскерлік, тәжірибелерінің өлшемі.

Кәсіби құзыреттілік аясындағы заманауи зерттеулер оның төмендегідей түрлерін ажыратады:

- арнайы құзыреттілік - кәсіби іс-әрекетті жоғары деңгейде жүзеге асыра алу, өзінің кәсіби даму жолын жобалай алу;
- әлеуметтік құзыреттілік - бірлескен кәсіби (топтық, ұжымдық) ынтымақтастық іс-әрекетке ие болу, белгілі мамандықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдеріне ие болу, кәсіби еңбек нәтижесіне әлеуметтік жауапкершілік;
- тұлғалық құзыреттілік - тұлғаның өзін-өзі көрсете, дамыта алуы тұлғаның кәсіби деформациялануна қарсы тұра алу;
- жеке құзыреттілік - өз кәсіби аясында өзін-өзі жүзеге асыра алу, кәсіби өсуге дайындық, өзінің индивидуалдығын сақтап қалу кәсіби ескіруге жол бермеу, өз еңбегін

тиімді ұйымдастыра алу[10].

Көптеген авторлар кәсіби құзыреттілік құрылымына үш компонентті кіргізеді: білімдік (теориялық), іс-әрекеттік (практикалық), кәсіби-тұлғалық. Маманның құзыреттілігі осы компоненттердің қалыптасқандық деңгейіне байланысты. Құзыреттіліктің жоғары болуы кәсібиліктің жоғарылығын, шығармашылық индивидуалдық деңгейін көрсетеді. Кейде «кәсіби құзыреттілік» ұғымы «кәсіби шеберлік», «кәсібилік» ұғымдарымен теңестіріледі. О.А.Лапина, Н.Н.Пядушкиналардың пікірі бойынша «кәсіби құзыреттілік» ұғымы «кәсіби шеберліктен» кең. Кәсіби шеберлік кәсіби құзыреттілік компоненттерінің кез-келген деңгейінде көрінуі мүмкін[11].

Құзыреттілікті сипаттайтын негізгі сапалардың бірі - инициатива. Бұл жаңа іс-әрекет формаларына деген ұмтылыс, белгілі бір іс-әрекеттегі жетекшілік роль. Инициатива тұлға тарапынан жүзеге асырылатын әлеуметтік, қоғамдық белсенділікті әлеуметтік шығармашылықты білдіреді[11].

Кәсіби құзыреттілік жайлы терминдердің түрлішелігіне қарамай, оны зерттеуші ғалымдар құзыреттілік құрылымы үш компоненттің (теориялық, практикалық, тұлғалық) бірлігінен құралады деген көзқарасты ұстанады.

В.А.Сластенин, Н.М.Борытко, О.А.Соломенникова т.б ғалымдар тарапынан педагогикалық құзыреттілік, оның құрылымы айқындалған.

- когнитивті (ғылыми, пәндік білімге ие болуы);
- технологиялық іс-әрекеттік (іс-әрекет тәсілдерін, шешім қабылдау іскерліктеріне ие болу);
- аксиологиялық (болмысқа, қоғамға, адамға эмоционалды-тұлғалық қарым-қатынас тәжірибесі).

И.А.Юрловская, К.О.Еналдиева бұл аталғандарға қосымша ретінде кәсіби құзыреттіліктің төмендегідей компоненттерін қосады:

- өз іс-әрекетін дүниежүзілік педагогикалық мәдениет, отандық педагогика ғылымының жетістерімен сәйкестендіру;
- әріптестерінің инновациялық тәжірибесінен тиімді пайдалану, өз тәжірибесін жалпылау;
- креативтілік (шығармашылық) - кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру тәсілі ретінде[11].

**Нәтижелер мен талқылау.** Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі - бұл маманның педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырудағы теориялық, практикалық дайындығының маңызды сипаттамасы. Ол жалпы (әлеуметтік, коммуникативтік, ақпараттық, мәселелік) және кәсіби құзыреттіліктен тұрады. Жалпы кәсіби құзыреттілік (психологиялық - педагогикалық, нормативті-құқықтық, рефлексивтік) және арнайы (пәндік және әдістемелік) құзыреттіліктен тұрады. Психологиялық-педагогикалық, нормативтік-құқықтық және рефлексивтік құзыреттіліктер мектеп мұғалімінің мамандығына қарамай жалпыға ортақ болып табылады.

Ал пәндік және әдістемелік құзыреттіліктер арнайы болып, бұлар мұғалімді басқа педагогтардан ажыратып тұратын кәсіби міндеттерді жүзеге асырумен байланысты.

Пәндік құзыреттілік - өзі таңдаған мамандығы бойынша пәндер мазмұнының ғылыми негіздерін қолдана білу, оқу пәніне позитивті көзқараста болу, оқу материалының мазмұнына сәйкес жеткілікті көлемде арнайы терминдерді меңгеру, пән бойынша ғылыми материалдарды түсіндіре алу, жүйелей алу, оқу пәнінің мазмұнын оқушылар мүмкіндігіне бейімдей алу.

Әдістемелік құзыреттілік - талдау, құрастыру, түрлі оқу формаларын ұйымдастыра алу, іс-әрекеттік қатынастарды жүзеге асыра алу, бастауыш сынып оқушыларының оқу жұмысын ұйымдастыра алу, оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана алуға дайындық, оқытудың денсаулықты сақтау технологияларынан кәсіби пайдалана алу.

**Қорытынды.** Демек, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке дайындығы заманауи жағдайда пәндік педагогикалық және әлеуметтік құзыреттіліктерге ие болуды талап етеді. Сондай

ақ, кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру үшін болашақ мұғалімдер университетте оқуға түскен күннен бастап, өзін - өзі кәсіби дамыту, ұдайы іздену, өсу, кемелдену жолына түсуі талап етіледі. Белгілі бір тақырыпта ғылыми ізденушілікпен айналысып, ғылыми қоғамдарға мүше болып, түрлі байқау, семинар мен конференцияларға қатысып, өзін болашақ кәсібіне құзыретті болуға дайындаулары қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений / С.И.Ожегов. Н.Ю.Шведова. Российская АН.; Российский фонд культуры; 3-е изд., стереотипное испр. и доп. Москва. АЗЪ. 1995
2. Ушаков Д.И. Толковый словарь русского языка: в 4 т. Т.1 “ Под ред. Д.И.Ушакова. М., 1985
3. Турчинов А.И.. Профессионализация и кадровая политика теории и практики / А.И. Турчинов. Москва, Московский психолого-социальный институт, Флинта, 1998
4. Хуторской А.В. Общепредметное содержание образовательных стандартов / Москва, 2002
5. Психология: словарь : А.В. Петровский. Москва, Просвещение, 1984, 212с.
6. Адольф В.А. Профессиональная компетентность современного учителя. Монография. 1998 310 с
7. И.Д.Лаптева К вопросу о педагогической компетентности/ И.Д.Лаптева // Педагогическое образование и наука. 2007. № с 35-38.
8. Ангеловский К. Учителя и инновации книга для учителя. Москва, Просвещение, 1991,159с.
9. Адольф В.А., Степанова И.Ю Обновление процесса подготовки педагогов на основе моделирования профессиональной деятельности: монография. Красноярск: 2005. 214 с
10. Гришина И.В. Профессиональная компетенция руководителя школы как объект исследования : Монография. СПб.: СПбГУПМ, 2002.
11. Лапина О.А., Пядушкина Н.Н.Введение в педагогическую деятельность. Москва, Издательский центр «Академия», 2008.160 с.

**Аннотация:** В статье рассматриваются вопросы профессиональной компетенции будущих учителей. Раскрывается понятие компетенция, компетентность сущность и структура и содержание этих понятии, проведен анализ научно-педагогических источников, в которых рассматривается проблема исследования структуры профессиональной компетентности учителя. Рассматриваются общие концептуальные подходы к модели специалиста XXI века через анализ требующихся ему для эффективной профессиональной реализации компетенций. Особое внимание уделяется профессиональной педагогической компетентности как совокупности социально-психологических, психолого-педагогических, предметных, коммуникативных компетенций. Рассматриваются педагогические условия формирования профессиональных компетенции и уровни ее сформированности. В статье рассмотрены основные составляющие педагогических компетенций, которые предъявляются к современному учителю. Представлен теоретический анализ различных точек зрения и авторских позиций по рассматриваемой проблеме и содержание основных понятий: компетентность, компетенция.

**Ключевые слова:** компетенция, компетентность, профессиональная компетентность, структура профессиональной компетентности, базовые компетенции, специальные компетенции, компоненты профессиональной компетентности.

**Abstract:** The article discusses issues of professional competence of future teachers. The concept of competence, competence of the essence and structure and the content of these concepts is discussed, analyzed scientific and pedagogical sources, in which the problem of studying the structure of the professional competence of the teacher is considered. General conceptual approaches to the model of the XXI century specialist model are considered through the analysis of the competencies required for it for the effective professional implementation of competencies. Special attention is paid to professional pedagogical competence as a set of socio-psychological, psychological and pedagogical, subject,

communicative competencies. Pedagogical conditions for the formation of professional competencies and levels of its formation are considered. Presented theoretical analysis of different points of view and copyright on the problem under consideration and maintenance of basic concepts: competence, competence

**Keywords:** competence, competence, professional competence, structure of professional competence, basic competences, special competences, components of professional competence